



**БҰЙРЫҚ**

2023 ж. 12 шілде

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 312

город Астана

**2023-2024 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы**

«Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 253 қаулысының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 2023 - 2024 оқу жылына білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 2023 - 2024 оқу жылына педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы бағытындағы білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған білім мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі көрсетілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2023 - 2024 оқу жылына Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі көрсетілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 2023 - 2024 оқу жылына халық тығыз қоныстанған, батыс өңірлердің және жаңадан құрылған облыстардың жастарын жетекші жоғары оқу орындарында оқыту үшін жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі көрсетілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі бекітілсін;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 2023 - 2024 оқу жылына жастарды батыс және шығыс өңірлердің жетекші жоғары оқу орындарында оқыту мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі көрсетілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрі**



**С. Нұрбек**